



09-Д-1155997-Сев.МЭС

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №1155997/2025/1

24.10.2025 жылғы

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) "KEGOC" акционерлік қоғамының "Солтүстік жүйеаралық электр тораптары" филиалының директоры Амренов Азамат Маратович негізінде әрекет ететін Филиал туралы ережесінің және 31.01.2025ж. № 24 сенімхатының, атынан, бір жағынан, және Ғылыми-Өндірістік Фирмасы "СтройПроектИнновация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Директор Новичевский Владимир Сергеевич атынан, негізінде қызмет ететін Жарғы, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Бір көзден сатып алу туралы шешім № 1155997 негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Терминдерді түсіндіру

1.1. Шартта төменде көрсетілген ұғымдар келесі түсіндірмеге ие болады:

- 1) «Тапсырыс беруші» - «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» Акционерлік Қоғамы (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» «Солтүстік жүйеаралық электр тораптары» «KEGOC» АҚ филиалы тұлғасында, № 3-1945-16-Ф-л 2015ж.07.10. филиалды қайта тіркеу туралы күзлік
- 2) «Орындаушы» - тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін және онымен жасалған келісім-шартта көрсетілген қызметтерді орындайтын жеке немесе заңды тұлға;
- 3) «Қор» - «Самұрық Қазына» Акционерлік Қоғамы
- 4) "Холдинг" - Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілілік-өзге заңды тұлғаның меншік немесе сенімгерлік басқару құқығындағы дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы әрбір келесі заңды тұлғаға тиесілі;
- 5) "Шарт" – барлық қосымшалармен және оған толықтырулармен, сондай-ақ шартта сілтемелер бар барлық құжаттамамен тараптар қол қойған, жазбаша түрде жазылған, Стандартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;
- 6) "Шарттың сомасы" – шарттық міндеттемелерді толық орындау үшін Тапсырыс берушінің шарт бойынша Орындаушы төлеуге қабылдаған сома;
- 7) "Холдингің сенімсіз әлеуетті орындаушының (орындаушының) тізбесі" – сенімсіз әлеуетті орындаушылар туралы жүйеленген ақпарат;
- 8) «қызметтер» - Мердігердің Тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, нақты нәтижесі жоқ қызметі, сондай-ақ шартта көзделген басқа да әрекеттер.
- 9) «қызмет көрсету мерзімі» - Орындаушы шарт бойынша қызмет көрсетуге міндетті кезең.
- 10) «кемшіліктер» - шарттың талаптарын бұза отырып көрсетілетін қызметтердің бір бөлігі, оның ішінде кемшіліктер, қателер мен дәлсіздіктер.
- 11) «кемшіліктерді жою кезеңі» - шарт талаптарын бұза отырып орындалатын қызметтердің немесе қызметтердің бір бөлігін жою мерзімі;
- 12) «құқрылыс монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытынды» – техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлға аяқталған құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын растайтын құжат;
- 13) «ілеспе қызметтер» - тасымалдау және кез келген басқа қосалқы қызметтер, сияқты тауарларды жеткізуді қамтамасыз ететін қызметтер, оның ішінде, мысалы, орнату, іске қосу, техникалық көмек көрсету, оқыту және жеткізушінің шартта көзделген басқа да осыған ұқсас міндеттемелері.

1.2. Төменде аталған құжаттар және оларда көзделген шарттар осы шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) Шарт
- 2) Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізімі (шартқа №1 қосымша)





- 3) Сатып алынатын техникалық ерекшелік (шартқа № 2 қосымша);
- 4) Нысаны болжам/қызмет көрсетуге/жұмысты орындауға арналған шарттағы ел ішіндегі құн үлесінің нақты есебі(шартқа № 3 қосымша).
- 5) "KEGOC" АҚ жеткізушілерінің мінез-құлық кодексі (шартқа №4қосымша).

2. Шарттың мәні

2.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

2.2. Орындаушы шарттың 1-қосымшасына сәйкес өз күшімен және құралдарымен «1150 кВ «Екібастұз» ҚС сыртқы жарықтандыруды қайта жанарту» объектіге авторлық кадағалауды көлемде және сапада көрсетуге міндеттенеді.

3. Шарттың құны және төлеу шарттары

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 920841.00 (тоғыз жүз жиырма мың сегіз жүз қырық бір) Теңге ҚҚС-сыз құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

3.3. Қосылған құн салығының ставкасы өзгерген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасы саласындағы өзгерістер болған жағдайда шартқа тиіті түзетулер енгізіледі.

3.4. Шарттың бағасына Орындаушының міндеттемелерді орындауға және шарт бойынша қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

3.5. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

3.6. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

3.6.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

3.6.2. шот-фактура/электрондық шот-фактура. Бөлем үшін тұтынушыға ұсынылған шот-фактураның сомасы қызметтерді көрсету шарттарына сәйкес бір ай ішінде көрсетілген қызметтердің көлеміне сәйкес келуі керек.

3.6.3. Көрсетілген Қызметтер туралы қағазды нысанда жасалған акт/Көрсетілген қызметтердің электрондық актісі.

3.7. Шот-фактура/электрондық шот-фактура Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде беріледі.

3.8. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

3.9. Төлемді кешіктіргені үшін Тапсырыс берушіні жауапкершіліктен босататын шарттар:

1) Орындаушының шот- фактураларды/электрондық шот-фактураларды және/немесе басқа да төлем алдында тапсырылатын құжаттарды кеш ұсынуы;

2)Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарын және электрондық нысанда жасалатын шот-фактуралардың құжат айналымы ережелерін бұза отырып, шот-фактураларды/ электрондық шот-фактураларды беру.

3.10. Нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

3.11. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақытылы ұсынбауына/қол қойылуына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

3.12. Салықтар мен төлемдер

3.12.1. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мынадай түрде төленуге жатады:

3.12.1.1. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген барлық және кез келген салықтарды төлегені үшін толық жауапты болады, әрі Тапсырыс берушіні Өнім берушіге жүргізілген немесе ол Шарт бойынша алған кез келген төлемге байланысты Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы, оның ішінде салық қызметі Өнім берушіге есептеуі және салуы мүмкін барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды төлегені үшін кез келген және барлық талаптардан және жауапкершіліктен босатады және қорғайды (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоса алғанда).





3.12.1.2. Егер мұндай талап Қазақстан Республикасының заңында, ережелерінде немесе нұсқаулықтарында қамтылса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге төлеуге тиесілі сомадан салық төлеу бойынша кез келген соманы ұстап қалады. Өнім берушіге кез келген ведомствода Тапсырыс берушіге көрсетілген қаражатты ұстап қалу туралы талаптың заңдылығына дау айтуға мүмкіндік беру үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіні кез келген осындай талап туралы алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұсталған сома мөлшерінде жүргізген төлем, егер бастапқы төлем Өнім берушіге жүзеге асырылған болса, Өнім берушінің атынан жүргізілген төлем болып есептеледі және Тапсырыс беруші Өнім берушінің алдында осындай жолмен ұсталған сома бойынша одан әрі жауапты болмайды. Тапсырыс беруші сондай-ақ Өнім берушіге барлық осындай төлемдердің құжатталған куәліктерін ұсынады.

3.12.1.3. Өнім беруші салық есептілігін дұрыс толтырмағандықтан, қарсы тексерулердің және/немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс комитетіне сұрау салулардың нәтижелері бойынша расталмаған есептеулерге дейінгі жағдайда Тапсырыс берушіге ҚҚС сомасын қайтаруға міндетті.

3.12.1.4. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемей) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен соманы Республика бюджетінен қайтарудан бас тартылатын болады немесе есептелгенге дейін салықтар есептелсе, онда Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-тың барлық сомасын Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтар өтеледі. Осы тармақта көзделген шарт Өнім берушінің өзімен тікелей өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулар расталмаған, ҚҚС қайтарылмаған және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар ұсынған салықтар мен қаржылық санкциялар есептелгенге дейінгі жағдайларға алып келген Өнім берушінің басқа Өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады. Бұрын белгіленген көрсетпеу (төлемей) фактілері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған, Өнім беруші өтеген ҚҚС асып кеткен сома не Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау, Тапсырыс беруші ҚҚС-тан асып кеткен жағдайда Өнім берушіге ҚҚС-ты қайтаруға жаңадан берілген талап және Өнім берушінің не Өнім берушілердің бұрын анықталған бұзушылықтардың 1-ші, 2-ші, 3-ші және т. б. деңгейлерін жою нәтижесінде бұрын расталмаған сомаларды қайтаруға растау негізінде Өнім берушіге қайтаруға тиіс, Тапсырыс беруші ҚҚС асып кетуінің нақты қайтарылуын алғаннан кейін ҚҚС-тың бұрын өтелген сомасын Өнім берушіге 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қайтаруға міндеттенеді.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға.

4.1.4. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандар арқылы Қызмет көрсетуге.

4.1.5. шартқа сәйкес қызметтерді тиісті түрде және уактылы және толық көлемде көрсету;

4.1.6. құрылыс-монтаждау жұмыстарының кестесіне сәйкес объектіге бару (құрылыс-монтаж жұмыстарын орындайтын Мердігер ұсынған), сондай-ақ Тапсырыс берушінің арнайы шақырулары бойынша. Тапсырыс берушінің дәлелді шешімі бойынша объектінің құрылысында авторлық қадағалауды басқаратын Мердігер қызметкерлерінің тұрақты болуы белгіленуі мүмкін.

4.1.7. авторлық қадағалау тобын және басшысын, сондай-ақ олардың авторлық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін тағайындау. Бұйрықтың көшірмесін Тапсырыс берушіге жіберу.

4.1.8. жобалық шешімге сәйкес, объектіге бару арқылы, құрылыс объектісіне барудың әзірленген кестесіне сәйкес құрылыстың барлық кезеңіне және бекітілген нысандарға сәйкес авторлық журналын жүргізу арқылы авторлық қадағалауды жүзеге асыру;

4.1.9. ықтимал қолайсыз салдарлар, сондай-ақ шарт бойынша қызметтерді тиісінше көрсетуге қауіп төндіретін немесе оларды мерзімінде аяқтауды мүмкіндік бермейтін басқа да жағдайлар туралы Тапсырыс берушіге 5 (бес) жұмыс күні бұрын хабардар ету. Мердігердің қызметтерді уактылы және тиісті түрде көрсетуіне кедергі келтіретін барлық күтпеген жағдайлар шарт бойынша қызметтерді көрсету мерзімін ұзартпай, қызметтерді көрсету мерзімін ықтимал кейінге қалдыруды көрсете отырып, хаттама жасау арқала келісіледі;

4.1.10. бекітілген жобада қарастырылған жобалық шешімдердің құрылыс кезінде нақты орындалуын қамтамасыз ету;





- 4.1.11. жасырын жұмыстарды тексеру және жауапты құрылымдарды аралық қабылдау актілерін әзірлеуге және қол қоюға қатысу;
- 4.1.12. ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамаға негізделген өзгерістер енгізу туралы уақтылы шешімдер қабылдау;
- 4.1.13. Мердігер (бас мердігер) нұсқауларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға, сондай-ақ мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органының тиісті бөлімшесіне хабарлау;
- 4.1.14. жобаның орындалу барысы туралы Тапсырыс берушіге жоспарлы және жоспардың тыс есептілікті ұсыну;
- 4.1.15. қызмет көрсетуді ақылы түрде қабылдау кезінде анықталған, Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді уақтылы жою;
- 4.1.16. Осы шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші алдында толық жауапты болу;
- 4.1.17. шарт талаптары бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толық көлемде орындауға;
- 4.1.18. Шартты орындау шеңберінде, қызметтерді көрсету үшін қажетті сатып алынатын тауарларды отандық өндірушілерден, егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілсе, сатып алу.
- 4.1.19. Тапсырыс берушіден сұранысты алған күннен бастап 3 күн ішінде жоба бойынша орындалған жұмыстардың сәйкестігі туралы қорытынды ұсыну;
- 4.1.20. Шартты орындау шеңберінде, қызметтерді көрсету үшін қажетті сатып алынатын тауарларды отандық өндірушілерден, егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілсе, сатып алу.
- 4.1.21. Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға.
- 4.1.22. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін, сондай-ақ Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында толық жауапты болуға.
- 4.1.23. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге.
- 4.1.24. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға.
- 4.1.25. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін тексеру үшін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге.
- 4.1.26. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Қызмет көрсетуге жіберуге (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).
- 4.1.27. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан астам болған кезде өз қарамағында өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өз қызметі және (немесе) мамандары болуы тиіс (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).
- 4.1.28. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды жүргізуге (мұндай талап көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).
- 4.1.29. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз Қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).
- 4.1.30. "KEGOC" АҚ жеткізушілердің мінез-құлық кодексінің талаптарын сақтау (шартқа №4 қосымша).
- 4.2. Орындаушының:
- 4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.
- 4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;
- 4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды мәні бірдей мамандарға ауыстыруға.





4.2.4. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.7. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Орындаушыға қызметтерді сапалы көрсету үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

4.3.5. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Көрсетілетін қызметтердің барысы мен сапасын, сонымен қатар оларды көрсету мерзімдерінің ақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

4.4.7. Егер кемшіліктер немесе олардың сапасының төмендеуі байқалса, қызмет көрсетуді тоқтата тұруды талап ету;

4.4.8. егер қызмет көрсету кезінде қызметтер тиісті түрде көрсетілмейтіні айқын болса, кемшіліктерді жою үшін Орындаушыға жазбаша түрде орынды мерзімді тағайындау;

4.4.9. Орындаушы анықталған кемшіліктерді жою бойынша шараларды қолданбаса немесе орындаушының кінәсінен қызметтерді уақытында көрсету мүмкін болмаса, орындаушыға залалдарды өтемеу және шартты біржақты тәртіппен бұзу.

4.4.10. Осы Шарттың талаптарын орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға;

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Қызмет көрсету аяқталғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсетілген қызмет актісін (бұдан әрі – акт), шот-фактураның/электрондық шот-фактураның түпнұсқасын ұсынады.

5.2. Актіде көрсетілетін қызметтердің атауы көрсетіледі және тараптар шарт шеңберінде көрсету қажет деп санайтын кез келген басқа ақпарат енгізілуі мүмкін.

5.3. Актыны рәсімдегеннен кейін Орындаушы қажетті құжаттаманы Тапсырыс берушіге береді.

5.4. Тапсырыс беруші актіні және қажетті құжаттар пакетін алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қол қойылған актіні немесе көрсетілген қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тартуды Орындаушыға жібереді.

5.5. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тартқан жағдайда тараптар қажетті жақсартуларды тізбесі мен оларды орындау мерзімдері көрсетілген қызметтерді қабылдаудан бас тарту туралы екіжақты акт жасайды. Бұл ретте Орындаушы





анықталған кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді өз қаражаты есебінен жоюға және көрсетілген қызметтерді қайта қабылдау үшін құжаттар пакетін беруге міндетті. Тапсырыс беруші немесе оның уәкілетті өкілі көрсетілген қызмет актісіне қол қойғаннан кейін қызметтер көрсетілген болып саналады.

5.6. Шартты орындау аяқталғаннан кейін тараптар міндеттемелердің аяқталуын растайтын салыстыру актісіне екі жакты қол қоя отырып, өзара есеп айырысуларды салыстыруды міндетті түрде жүргізуге міндетті.

6. Дауларды шешу тәртібі

6.1. Орындаушы мен Тапсырыс беруші шартты орындау барысында немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешу үшін барлық шараларды қабылдайды.

6.2. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші де Орындаушы да шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені бұл мәселені ҚР заңнамасына сәйкес шешуді талап етуге құқылы.

6.3. Дауларды шешу орны – филиалдың орналасқан жері бойынша соттар - Павлодар обл., Павлодар қаласы Павлодар обл. бойынша мамандырылған ауданаралық экономикалық соты.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Шарттың 12.8-тармағында көзделген тәртіппен шарт бұзылған кезде Тапсырыс беруші Орындаушыдан шарт сомасының 10 (он) пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

7.3. Орындаушының жауапкершілігі:

7.3.1. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.3.2. Қызметтерде елішілік құндылықтың нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4. Орындаушы екіжақты актіде, ал Орындаушы болмаған жағдайда біржақты актіде көрсетілген кемшіліктер мен қайшылықтарды жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан өсімпұл сомасын төлеуді талап етуге құқылы, әрбір кешіктірілген күн үшін шарт бағасының 0,1 пайызы, бірақ шарт бойынша төлеуге жататын соманы азайту арқылы шарт сомасының 10 пайызынан аспауы керек, бұл туралы орындаушы жазбаша түрде хабардар етіледі.

7.5. Орындаушы тапсырыс берушіден осы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге төленетін тұрақсыздық айыбының (айппұлдың) сомасын осы шарт бойынша төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.

7.6. Орындаушы міндеттемелерді уақтылы орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші бұзудың ықтимал мерзімін көрсете отырып, жазбаша хабарлама жібере отырып, шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Тапсырыс беруші Орындаушыдан шарт сомасының 10 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

7.7. Орындаушы Тапсырыс берушінің мүлкін, оның қызметкерлерінің мүлкін және денсаулығын жоғалтумен немесе зақымдаумен, сондай-ақ оның қызметкерлерінің қайтыс болуымен байланысты және шартты орындау кезінде және нәтижесінде туындайтын барлық тәуекелдер үшін жауапты болады.

7.8. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.9. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.9.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.9.2. Тапсырыс беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін уақытында орындамаса және бұл қызмет көрсетуді кешіктіруге әкеп соқтырса, онда Орындаушы тиісті кезеңге қызмет көрсету мерзімін ұзартуға және осы кезеңге күнтізбелік жыл ішінде қызмет көрсету мерзімін кешіктіргені үшін өсімпұлды төлеуден босатылуға құқылы.

7.9.3. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін көрсетілген Қызметтер актісі сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;





7.9.4. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

7.10. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.11. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.12. Егер өсімпұл сомасы 1000 теңгеден аз болса, онда тұрақсыздық айыбын ұстап қалу туралы хабарлама мердігерге тек электрондық пошта немесе факс арқылы жіберіледі.

8. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

8.1. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сонымен қатар су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, эпидемия, әскери жанжалдар, әскери төңкерістер, террористік актілер, азаматтық толқулар, ереуілдер, нұсқамалар, бұйрықтар немесе үкімет тарапынан өзге де әкімшілік араласу немесе Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындауына ықпал ететін қандай да бір қаулылар, әкімшілік немесе өзге де шектеулер немесе әкімшілік немесе өзге де мемлекеттік органдардың нұсқамалары, Тараптардың банктік шоттарындағы ақшаға ақшаға билік студі шектейтін өзге де ұйымдардың құжаттары, тараптардың орынды бақылауынан тыс басқа да жағдаяттар салдарынан келтірілген зиян үшін жауапты емес. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдері, егер олар бүкіл шарттың немесе еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғаннан кейін орындалуға жататын оның бөлігінің мерзімінде орындалуына елеулі әсер ететін болса, осы мән-жайлардың қолданылу уақытына мөлшерлес уақытқа кейінге шегеріледі.

8.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

8.3. Форс-мажорлық мән-жайларға сілтеме жасайтын тарап оларды растау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (Қазақстан Республикасының Сыртқы сауда палатасы) және/немесе ҚР өзге де уәкілетті органы берген құжатты ұсынуға міндетті/

9. Қызмет көрсету сапасы мен кепілдіктер

9.1. Шарт бойынша Орындаушы көрсететін қызметтер техникалық ерекшелік талаптарына, Стандарттар мен ГОСТ нормаларына және көрсетілген қызметтерге қойылатын талаптарды белгілейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес келуі, сондай-ақ берушінің талаптарына толық сәйкес келуі керек.

10. Кемшіліктер және оларды жою

10.1. Тапсырыс беруші Орындаушыға анықталған кез келген кемшіліктер мен сәйкессіздіктер туралы, оларды түзету мерзімін көрсете отырып жазбаша хабарлайды. Кемшіліктер мен сәйкессіздіктер туралы тиісті хабарламаны алған Орындаушы Тапсырыс берушіге белгілеген мерзімде өз қаражаты есебінен оларды жюға міндетті.

10.2. Егер шартта өзгеше көзделмесе, ҚР заңнамасына сәйкес көрсетілген қызметтердің сапасыздығы үшін Орындаушы жауапты болады.

11. Тәуекелді бөлу

11.1. Қызмет көрсетудің кездейсоқ мүмкін болмау қаупін Орындаушы көтереді.

11.2. Қызмет құнының кездейсоқ көтерілу қаупін Орындаушы көтереді.

11.3. Егер Тараптардың кінәсінен емес қызметтерді аяқтау мүмкін болмаса және Тараптар қызметтерді көрсетуді тоқтату туралы келісімге келсе, Тапсырыс беруші қызметтерді тоқтату туралы шешім қабылданғанға дейін Орындаушының көрсетілген қызметтері үшін ақы төлеуге міндетті.

12. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

12.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

12.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

12.3. Егер шартты орындау кезеңінде Орындаушының қызметтерді уактылы көрсетуіне кедергі келтіретін мән-жайлар туындаса, Орындаушы 5 жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтылығы және себебі(тер) туралы жазбаша хабарламаны дереу жіберуге міндетті.

12.4. Шартқа енгізілген барлық өзгертулер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалған және тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған болса, жарамды болып табылады.

12.5. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:





12.5.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

12.5.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

12.5.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

12.5.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

12.5.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

12.5.3.3. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

12.6. Тапсырыс беруші Шарттың 12.5.3 тармағына сәйкес Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты болжамды бұзу күнінен кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша ескертуді жібереді. Ескертуде Шартты бұзудың себебі, жойылатын шарттық міндеттердің көлемі, сонымен қатар Шартты бұзуға байланысты өз күшіне ену күні көрсетіледі. Шартты жоғарыда аталған жағдайларда бұзған жағдайда Орындаушы бұзу күніне қарай Шартты орындаумен байланысты нақты шығындардың төлемін талап етуге құқылы.

12.7. Егер Орындаушы банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші Орындаушыға тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты кез келген уақытта бұзуға құқылы. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады, бұл ретте өнім беруші шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы/

12.8. Шарт талаптарын бұзғаны үшін кез келген басқа санкцияларға нұқсан келтірместен, Тапсырыс беруші Орындаушыға бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы:

1) егер Орындаушы шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы шарттың қолданылу мерзімін ұзарту мерзімінде қызмет көрсете алмаса;

2) Орындаушы қызметтерді көрсету кезінде анықталған және тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктер мен сәйкессіздіктерді тапсырыс беруші белгілеген мерзімде жоймайды;

3) егер Орындаушы шарт бойынша өзінің басқа міндеттемелерін;

4) Орындаушы шарт бойынша қызметтердің бір бөлігін немесе барлығын орындамаса. Бұл ретте Тапсырыс беруші Орындаушыдан Шартты бұздан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы. орындай алмаса;

12.9. Тапсырыс беруші Шарттың 12.8 тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіпте бұзған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты болжамды бұзу күнінен кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша ескертуді жібереді. Ескертуде Шартты бұзудың себебі, жойылатын шарттық міндеттердің көлемі, сонымен қатар Шартты бұзуға байланысты өз күшіне ену күні көрсетіледі. Шартты жоғарыда аталған жағдайларда бұзған жағдайда Орындаушы бұзу күніне қарай Шартты орындаумен байланысты нақты шығындардың төлемін талап етуге құқылы.

12.10. Шарт тараптар арасындағы өзара келісім бойынша бұзылуы мүмкін. Бұл жағдайда Шартты бұзуға бастамашы Тарап екінші Тарапты өзінің ниеті туралы 20 (жиырма) күн бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда шартты бұзу Тараптардың міндеттемелерді орындауды аяқтау және тараптар арасында түпкілікті есеп айырысуды жүргізу мәселелері реттелетін бұзу туралы келісімге қол қою арқылы ресімделеді.

12.11. Тапсырыс беруші Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, орындаушы Шартты бұзған күнгі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

12.12. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты одан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

12.13. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

13. Хат-хабар





13.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

13.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

13.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

13.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

13.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

14. Шарттың мерзімі

14.1. Қызмет көрсетудің басталуы - «1150 кВ «Екібастұз» ҚС сыртқы жарықтандыруды қайта жаңарту» объектіде құрылыс-монтаждау жұмыстары басталған күннен бастап.

14.2. Шартқа 1-қосымшаға сәйкес қызмет көрсетуді аяқтау.

14.3. Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар келісім бойынша барлық міндеттемелерін толық орындағанға дейін жарамды.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

15.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

15.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

15.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

15.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабарлар етуге міндеттенеді.

15.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

15.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

15.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

16. Құпиялылық

16.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.





Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

16.2. ИМердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

17. Басқа шарттар

17.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Орындаушы:

(а) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді.

Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды;

